

БҰЙРЫҚ

11 ақпан 2026ж

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ *4/029*

город Шымкент

Университет асханаларын
жалға беру конкурсын өткізу,
конкурс құжаттамасын бекіту
және комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 72 бабы, 1 тармағының, 1 тармақшасына және «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Университет асханаларын жалға беру конкурс тәсілімен жүзеге асырылсын.

2. Конкурстық комиссия келесі құрамда бекітілсін:

1) Нуртаев Алибек Нурбаевич – Басқарма төрағасы-Ректордың у.м.а, конкурстық комиссия төрағасы;

2) Маханов Сабыр Кайракбаевич – Инфрақұрылымды дамыту департаментінің директоры - конкурстық комиссия мүшесі;

3) Жумашева Ботагоз Батыровна - Бас оқу ғимаратының комменданты, конкурстық комиссия мүшесі;

4) Мырзаева Гулайна Молдаханқызы - №2 оқу ғимаратының комменданты, конкурстық комиссия мүшесі;

5) Алшынбаева Гулжан Кулбаевна №4 оқу ғимаратының комменданты, конкурстық комиссия мүшесі;

6) Отаров Серик Гаибарович – Қаржы және экономика департаментінің директоры-Бас бухгалтердің орынбасары, Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы міндетін қоса атқарушы, хатшы.

3. Конкурс комиссиясы «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ теңгеріміндегі келесі мүліктерді мүліктік жалға беру бойынша конкурстың талаптарын әзірлесін:

4. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 13 мекен-жайында орналасқан бас оқу ғимаратының жалпы алаңы – 91,1 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

5. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 13 мекен-жайында орналасқан №2 оқу ғимаратының жалпы алаңы – 152,4 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

6. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов, 63 мекен-жайында орналасқан №4 оқу ғимаратының жалпы алаңы – 77,8 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

7. Шымкент қаласы, Достық мөлтекауданы, 3218/2 мекен жайында орналасқан әскери кафедрасының жалпы алаңы – 106,65 шаршы метр, тұрғын емес бос жайды/асхана.

8. Конкурстың комиссия және конкурстық комиссия хатшысы өз қызметін іске асырады және олардың қызметіне басқалардың араласуына жол бермейді.

9. Конкурстық комиссия конкурс өткізу туралы асхана және тамақтандыру саласында тәжірибесі бар әлеуетті өнім берушілерге құжаттама сұранысы бойынша құжаттарды дайындап, құжатпен қамтамасыз етуге, сонымен қатар конкурс комиссиясының отырысын өткізуге қатысты қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізу жүктелсін.

10. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және орындалуын өз құзырымда қалдырамын.

Басқарма төрағасы-Ректордың у.м.а



А.Н. Нуртаев